

**Талдықорған қаласының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек беру туралы**

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2015 жылғы 04 қыркүйектегі № 338 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 29 қыркүйекте № 3456 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2020 жылғы 2 маусымдағы № 394 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 02.06.2020 № 394 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылдың 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына және "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес, Талдықорған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Талдықорған қаласының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына отын сатып алу үшін бюджет қаражаты есебінен 5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде әлеуметтік көмек берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Талдықорған қалалық мәслихаттың "Әлеуметтік қорғау заңдылықты сақтау, азаматтардың құқықтары және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Талдықорған қалалық мәслихатының аппарат басшысы Биғожанов Тимур Қапасұлына осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және қалалық мәслихаттың интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

сессияның төрағасы  
Қалалық мәслихаттың хатшысы

Р.Валишанов  
М.Бопазов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК